қанағаттандырылып отыр. Нәтижесінде жаңартылатын көздерден таза отын өндірісін дамытуға қызығушылық артуда. Фишер-Тропш синтезі (ФТС) көмірден, биомассадан немесе табиғи газдан алынатын синтездік газ негізінде синтетикалық отын алудың негізгі кезеңі болып табылады. Процесс әртүрлі типтегі реакторларда гетерогенді катализаторлардың қатысуымен жүреді. Фишер-Тропш синтезі катализаторларын дайындау үшін көбінесе кобальт пен темір қолданылады. Кобальт катализаторлары жоғары белсенділік, тұрақтылық көрсетеді, жанама реакцияларға қатысты белсенділігі төмен. Рутений катализаторлары өзінің жоғары тұрақтылығымен және төмен дезактивация жылдамдығымен белгілі, бірақ оны пайдалану жоғары құнымен және реактордың жоғары қысымының қажеттілігімен шектеледі. Сол себепті зерттеушілердің қызығушылығын тудырып отырған мәселелердің бірі синтез газдан спирттерді алуға негізделген катализатор үлгілерін құру және қасиеттерін зерттеу. Жұмыста Фишер-Тропш синтезіне негізделген Со-құрамды катализатор үлгісінің спирттерге талғамдылығы мен тұрақтылығына тасымалдағыш типінің әсері қарастырылған. Катализатор үлгілері қатты және жұмсақ темплаттар қатысында синтезделген. Жұмсақ темплат этиленгликольдің қатысында La мен Со әр түрлі ара қатынасында синтезделіп алынған үлгілер шартты түрде LCO-1, LCO-2 және қатты темплат кремний оксидті KIT-6 қатысында алынған үшінші үлгі LCO/KIT-6 деп белгіленді. Олардың қасиеттері РФТ, БЭТ, ПЭМ әдістері арқылы талданып, олардың спирттерге талғамдылығы мен реакциялық тұрақтылығы зерттелген. Зерттеу жұмысының нәтижелері, синтезделіп алынған катализатор үлгілерінің өнімдерге талғамдылығы мен тұрақтылығына оларды синтездеу жолымен қатар, темплат үлгілеріне де байланысты екендігін көрсетті.

Түйін сөздер: катализатор, қатты темплат, жұмсақ темплат, талғамдылық, KIT-6

© Г.Д. Джетписбаева^{1*}, Б.К. Масалимова², В.А. Садыков³, А. Дарменбаева¹,
Г.Б. Аубакирова², 2025.

¹Таразский университет им. М.Х. Дулати, Тараз, Казахстан;

²Северо-Казахстанский университет имени М. Козыбаева,
Петропавловск, Казахстан;

³Институт катализа им. Г.К. Борескова, Новосибирск, Россия.
E-mail: gulim_86@mail.ru

ВЛИЯНИЕ МЕТОДОВ ПРИГОТОВЛЕНИЯ НА СЕЛЕКТИВНОСТЬ И СТАБИЛЬНОСТЬ Со-СОДЕРЖАЩИХ КАТАЛИЗАТОРОВ ДЛЯ СИНТЕЗА ФИШЕРА-ТРОПША

Джетписбаева Г.Д. — старший преподаватель кафедры химии и химической технологии Таразского университета имени М.Х. Дулати, Тараз, Казахстан,
E-mail: gulim_86@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-9417-3775>;

Масалимова Б.К. — профессор кафедры «Химии и химической технологии» Северо-Казахстанского университета имени М. Козыбаева, Петропавл, Казахстан,
E-mail: massalimova15@mail.ru, bkmasalimova@ku.edu.kz, <https://orcid.org/0000-0003-0135-9712>;

Садыков В.А. — профессор Института катализа им. Г.К. Борескова, Новосибирск, Российская Федерация,

E-mail: sadykov@catalysis.ru, <https://orcid.org/0000-0003-2404-0325>;

Дарменбаева А. — PhD по химии, ассоциированный профессор кафедры химии и химической технологии Таразского университета имени М.Х. Дулати, Тараз, Казахстан,

E-mail: maral88.ad@gmail.com, <https://orcid.org/0000-0003-2974-0398>;

Аубакирова Г.Б. — кандидат химических наук, почетный профессор кафедры химии и химических технологий Северо-Казахстанского университета имени М. Козыбаева, Петропавловск, Казахстан,

E-mail: gbaubakirova@ku.edu.kz, <https://orcid.org/0000-0002-6612-663X>.

Аннотация. В настоящее время значительная часть мирового спроса на первичную энергию удовлетворяется за счет ископаемого топлива, что создает серьезные экологические проблемы и приводит к истощению запасов нефти. В результате растет интерес к развитию производства чистого топлива из возобновляемых источников. Синтез Фишера-Тропша (СФТ) является основным этапом производства синтетического топлива на основе синтез-газа, который получают из угля, биомассы или природного газа. Процесс происходит в реакторах различных типов с участием гетерогенных катализаторов. Кобальт и железо часто используются для приготовления катализаторов синтеза Фишера-Тропша. Кобальтовые катализаторы проявляют высокую активность, стабильность и низкую реакционную способность по отношению к побочным реакциям. Рутениевые катализаторы известны своей высокой стабильностью и низкой скоростью дезактивации, однако их применение ограничено их высокой стоимостью и необходимостью высокого давления в реакторе. Поэтому одним из вопросов, представляющих интерес для исследователей, является создание и исследование моделей катализаторов на основе получения спиртов из синтез-газа. В работе рассматривается влияние типа носителя на селективность и стабильность модели катализатора на основе Co, основанной на синтезе Фишера-Тропша, по отношению к спиртам. Образцы катализаторов синтезировались в присутствии твердых и мягких темплатов. Образцы, синтезированные в присутствии мягкого темплата этиленгликоля с различным соотношением La и Co, были условно обозначены как LCO-1, LCO-2, а третий образец, полученный в присутствии жесткого темплата силикагеля KIT-6, был обозначен как LCO/KIT-6. Их свойства были проанализированы с использованием методов рентгеновской дифракции, БЭТ и просвечивающей электронной микроскопии, а также изучены их селективность к спиртам и стабильность реакции. Результаты исследований показали, что селективность образования и стабильность синтезированных образцов катализаторов зависят не только от метода синтеза, но и от образцов-темплатов.


Ключевые слова: катализатор, жесткий темплат, мягкий темплат, селективность, KIT-6

Кіріспе. Мұнай қорының жаһандық сарқылуы маңызды мұнай-химия және отын өндіру үшін баламалы шикізатты іздеудің өзекті қажеттілігін тудырады (Yakovenko et. al., 2020; Martinelli M. et al., 2020). Синтетикалық көмірсутектерді


өндірудің ең кең таралған өнеркәсіптік әдісі Фишер-Тропш синтезі (ФТС) болып табылады. Фишер-Тропш синтезі – мұнай ресурстарынан алынатын синтез газды құнды химиялық заттарға немесе отынға айналдырудың перспективалы технологиясы (ten Have et.al., 2021). Синтез өнімдері күкірт пен ауыр металдың төмен мөлшерімен сипатталады және қазба мұнай туындыларынан айырмашылығы экологиялық таза (Semenzova et.al., 2020).

ФТС процесі көптеген күрделі реакцияларды қамтиды. Төменде ықтимал реакциялар берілген:


•Парафин өндіру:




•Олефин өндірісі:



•Жоғары спирттердің синтезі:



•Су газының ауысуы (WGS) реакциясы:




ФТС негізгі көмірсутек өнімдерін газ тәрізді көмірсутектер (C1 ~ C4), бензин (C5 ~ C11), дизельді дистилляттар (C12 ~ C20) (Yanping et.al., 2021, Kazuhiro et.al., 2024) және ауыр парафинді көмірсутектер (ауыр мұнай және балауыз) (> C20) деп бөлуге болады. Кәдімгі отын өндірісінен басқа, қосымша құнды қосылыстардың (мысалы, жеңіл олефиндер, ұзын тізбекті оксигенаттар және қатты балауыз) шығымдылығын арттыруға айтарлықтай күш салынды. Дегенмен, ФТС өнімдері әдетте Андерсон-Шульц-Флори (ASF) таралу теңдеуіне сәйкес келеді, бұл C5+ көмірсутектер мен төменгі олефиндер сияқты мақсатты өнімдердің нашар талғамдылығын білдіреді (Albuquerque et.al., 2019). Осылайша, зерттеушілер әртүрлі ФТС катализаторларының дамуы мен синтезіне көбірек көңіл бөлуде, олар: метанның және басқа жанама өнімдердің түзілуін тежей алады; мақсатты көмірсутектерді іріктеп синтездеу; каталитикалық түрлендіру тиімділігін арттыру; катализатордың дезактивациясын болдырмайды (Suo et al., 2022).

Металдық кобальт, рутений және темір Фишер-Тропш синтезінің негізгі катализаторлары болып табылады (Martinelli et al., 2020.; Mazurova et al., 2023). Кобальт негізіндегі катализаторлар су буының конверсиясы реакциясындағы белсенділігінің төмендігінің және жоғары каталитикалық белсенділіктің сонымен қатар тұрақтылықтың артықшылығына ие, ал кобальттың кристаллит өлшемі ФТС үшін каталитикалық белсенділікке және талғамдылыққа үлкен әсер етуі мүмкін (Qingpeng Cheng et. al., 2018; Wolf et.al., 2021).

Материалдар мен әдістер. Бұл жұмыста Фишер-Тропш синтезінде қолданылатын Со-құрамды катализатор үлгілерінің (LCO-1, LCO-2, LCO/KIT-6) өнімдерге талғамдылығы мен тұрақтылығына синтездеу әдістерінің әсері зерттелді. Катализатор үлгілері екі әдіспен синтезделді, соның ішінде шартты түрде LCO-1, LCO-2 деп белгіленген екі үлгісі жұмсақ темплат этиленгликольдің қатысында бірге тұндыру әдісімен синтезделді, ал үшінші үлгі LCO/KIT-6 қатты темплат мезокеуекті кремний оксидті KIT-6 темплатының қатысында

алынды. Перовскит құрылымды күрделі оксид - $\text{LaCoO}_3/\text{KIT-6}$ әрі қарай шартты түрде $\text{LCO}/\text{KIT-6}$ деп белгіленетін үлгі цитрат әдісімен дайындалды. $\text{LCO}/\text{KIT-6}$ катализаторын дайындау екі сатымен жүргізілді. Бірінші сатыда мезокеуекті кремний оксидті KIT-6 тасымалдағышы дайындалды. Әдебиеттер дерек көздері бойынша (Nair et.al., 2012) мезокеуекті кремний оксидті KIT-6 тасымалдағышы дамыған меншікті беттік ауданға ие. Оның қолданылуы, бір жағынан, LaCoO_3 -ты цитрат әдісімен алу кезінде түзілуші перовскиттің бетінің ауданын едәуір ұлғайтуға мүмкіндік береді. Екінші жағынан, лимон қышқылын қолдану және соның салдарынан синтез жағдайында қышқылдық орта түзілуі, үлгінің пайда болу жағдайына SiO_2 -нің химиялық қатысуын болдырмайды.

Мезопоралы кремний оксидті тасымалдағышын (KIT-6) синтездеу (Nair et.al., 2012) әдебиеттегі әдіске сәйкес жүзеге асырылды. Өлшенділерді есептеу үшін қосылыстар келесідей қатынаста алынды: Тетраэтоксисилан (TEOS) / Pluronic P123 (P123) / HCl / H_2O / Бутанол = 1 моль / 0,017 моль / 1,83 моль / 1,95 моль / 1,31 моль. Синтездеу әдісіне сәйкес шыны стақанда 9 г P123 және 17,40 г HCl (35%) 325 г дистильденген суда ерітіліп, ерітінді толығымен біртектес болғанша араластырылды. Содан кейін біртекті қоспаның үстіне 9 г бутанол қосылып, 35°C температурада магнитті араластырғышта 1 сағат бойы араластырылды. Бір сағат уақыт өткеннен кейін шыны стақандағы қоспаның үстіне 19,35 г тетраэтоксисилан қосылды. Бұл кезде жылудың едәуір бөлінуі байқалды. Алынған ерітінді магнитті термоараластырғышта 35°C температурада 24 сағат бойы араластырылды. Соңғы кезеңде қоспа 24 сағат бойы 100°C температурада гидротермиялық өңдеуден өткізілді. Содан кейін алынған тұнба Бюхнер воронкасының көмегімен сүзіліп, бірнеше мәрте этил спиртінің көмегімен жуылып, инфрақызыл шамның астында бір түн кептірілді. Алынған прекурсор 500°C температурада 4 сағат бойы термиялық өңдеуден өтті, күйдіру барысында прекурсордың органикалық компоненттері жойылып, қажетті темплат KIT-6 түзілді (сурет 1).



Сурет1 - $\text{LCO}/\text{KIT-6}$ үлгісін синтездеу сызбасы

Синтездеудің екінші сатысында перовскит LCO/KIT-6 белгілі цитрат әдісімен (Jetpisbayeva et al., 2020) алынды. Синтез лантан мен кобальт нитраттарының бастапқы тұздарының еру сатысында енгізілетін алдын ала дайындалып алынған KIT-6 қатты темплатының қатысында жүргізілді. Ол үшін 300 мл полипропилен стаканьында 6 г мезокеуекті кремнеземды темплат KIT-6 60 мл дистилденген суда ерітілді, содан кейін ерітіндінің үстіне 0,03 моль кобальт нитраты ($\text{Co}(\text{NO}_3)_2 \cdot 6\text{H}_2\text{O}$) мен дәл сондай көлемдегі лантан нитраты ($\text{La}(\text{NO}_3)_3 \cdot 6\text{H}_2\text{O}$), 60 мл этанол ($\text{C}_2\text{H}_5\text{OH}$) және 23 г лимон қышқылы ($\text{C}_6\text{H}_8\text{O}_7$) қосылды. Осыдан кейін суспензия қою гель пайда болғанға дейін магнитті термоараластырғышта 75 °C температурада үздіксіз араластырыла отырып баяу буландырылды. Қою гель пайда болғанда полипропилен стакандағы қоспаны магнитті термоараластырғыштан алып, гель 12 сағат бойы 90 °C температурада кептіргіш шкафта ұсталды. 12 сағаттан кейін кептірілген үлгі фарфор табақшасында ұнтақталды. Алынған ұнтақ 500 °C температурада 3 сағат бойы және одан кейін 750 °C температурада 4 сағат бойы біртіндеп күйдірілді. Әрі қарай, KIT-6 бар үлгіні KIT-6 кремнеземінің негізгі бөлігінен айыру мақсатында 500 мл 7% NaOH ерітіндісінде 70 °C температурада 15 минут ұсталды. Содан кейін үлгіні сүзіп, 2 л 75 °C температурадағы ыстық дистилденген сумен 4 рет қайталай отырып, қағаз сүзгінің көмегімен мұқият жуылды, келесі кезекте үлгі инфрақызыл шамның астында 90 °C температурада 24 сағат кептірілді.

Келесі екі үлгі LCO-1, LCO-2 (Jetpisbayeva et al., 2020) әдебиетте ұсынылған әдіс бойынша жұмсақ темплат этиленгликольдің қатысында La және Co әр түрлі ара қатынаста алынған. Катализаторлардың сандық элементтік құрамы OPTIMA 4300 DV спектрометрінде PerkinElmer (АҚШ), атомдық эмиссионды спектроскопия (АЭС) әдісі арқылы үлгілерді қышқылдар қоспасында (HCl : H_2SO_4) еріту арқылы талданды. Үлгілердің каталитикалық сынақтары Фишер-Тропш синтез қондырғысында келесі шарттарда жүргізілді: бастапқы жұмыс қоспасының құрамы $\text{CO}:\text{H}_2:\text{N}_2 = 3:6:1$ (ішкі стандарт ретінде азот), қоспаның шығыны 1 л/сағ, үлгі салмағы 2 г, фракциясы $0,14 \div 0,25$ мм, температура 240 °C, қысым 2 МПа. Зерттелгін үлгілердің меншікті бетінің ауданы Брунауэр-Эмметт-Теллер (БЭТ) әдісімен азоттың адсорбциялық изотермалары бойынша Micrometrics (АҚШ) ASAP-2400 құрылғысында есептелді.

Нәтижелерді талқылау. Элементтік анализ нәтижелері көрсеткендей (1 кесте), күйдірілген сынамалардағы кобальт және лантанның мөлшері теориялық есептегеннен төмен. Катализаторлардың теориялық және эксперименттік құрамы арасындағы айырмашылықты катализаторды дайындау барысындағы шығындармен байланыстыруға болады.

Кесте 1. Катализатор үлгілерінің химиялық құрамы


Химиялық құрамы, %	LCO-1	LCO-2	LCO/KIT-6
La	49.5	50	51.9
Co	21.1	28.6	22
Na	0.05	0.06	0.05
Si	-	-	8.1

Катализатор үлгілерінің беттік ауданы Брунауэр-Эммет-Теллер әдісімен анықталып, сипатталды. Зерттеу деректері көрсеткендей, ең үлкен беттік аудан LCO/ KIT-6 үлгісіне тиісті. Күйдірілген каталитикалық жүйенің құрылымдық сипаттамаларынан көрініп тұрғандай (2 кесте), белсенді компонентті тасымалдағышқа отырғызу кеуек диаметрінің 32 % -ға төмендеуіне әкеледі. Қатты темплатты қолдану LaCoO_3 үлгісінің меншікті бетінің ауданын 9,5-тен 220 $\text{м}^2/\text{г}$ дейін арттыруға мүмкіндік берді (Jetpisbayeva et.al., 2024).

Кесте-2. 750 $^{\circ}\text{C}$ температурада күйдірілген катализаторлардың құрылымдық сипаттамалары.

№	Үлгілер	Құрылымдық сипаттамалары		
		$S_{\text{менш.}}, \text{м}^2/\text{г}$	Кеуектердің орташа диаметрі, нм	Кеуек көлемі, $\text{см}^3/\text{г}$
1	LCO-1	9,5	37	0,08
2	LCO-2	10	23	0,06
3	LCO/ KIT-6	220	12	0,03


240 $^{\circ}\text{C}$ температурада каталитикалық сынақтардың нәтижелері бойынша ұсынылған LaCoO_3 үлгілері ұқсас каталитикалық қасиеттерге ие болды. Сонымен қатар LaCoO_3 үлгілерінің каталитикалық қасиеттері CoAl патенттеліп алынған үлгісімен салыстырыла отырып зерттелді. Құрамында лантаны бар перовскит құрылымды күрделі оксидтерді қолдану каталитикалық қасиеттерге әсері спирттерге талғамдылығының едәуір өсуіне әкеледі. LCO-2 үлгісінің каталитикалық қасиеттері қалған үлгілерге қарағанда жеңіл көмірсутектерге жоғары талғамдылығымен ерекшеленеді. Бұл осы үлгідегі металл кобальт бөлшектерінің күйінің айырмашылығымен байланысты болуы мүмкін. LCO-2 үлгісінің синтезі кезінде, әдебиет дерек көздері бойынша, лантанға қатысты кобальттың артық мөлшерінің алынуымен түсіндіруге болады, бұл кезде Co_3O_4 фазасының қоспасының пайда болуына әкелді. Мүмкін, осы фазаның тотықсыздануы нәтижесінде алынған кобальт бөлшектері құрамында лантаны бар оксидті тасымалдағышпен жабындалмайды, бұл қажетсіз жеңіл көмірсутектердің көп түзілуімен қатар, үлгінің спирттерге қатысты талғамдылығының төмендеуіне әкеледі. LCO-1 және LCO/KIT-6-да түзілген көмірсутектердің мөлшері аз, демек, су мөлшері қалған екі сынамаға қарағанда айтарлықтай аз. LCO-1 және LCO/KIT-6 үлгілерін салыстыру көрсеткендей, LCO/KIT-6, меншікті бетінің ауданы үлкен болуына байланысты, әлдеқайда белсенді екенін диаграммдан көруге болады. LCO/KIT-6 үлгісінде спирттерге жалпы талғамдылықтың LCO-1 үлгісіне қарағанда шамалы төмен болуына қарамастан, құнды жоғары спирттердің шығымы айтарлықтай жоғары. Бұл синтез газын спирттерге айналдыру процесінде LCO/KIT-6 үлгісінің өте тиімді екенін көрсетеді және де мотор отынын өндіру үшін перспективалы екенін дәлелдейді. LCO-1 үлгісінде спирттерге талғамдылық 90 пайызды құрады. Құрамы жағынан өте ұқсас LCO-2 үлгісінде керісінше спирттерге талғамдылық LCO-1 үлгісіне қарағанда екі есеге төмен. Патенттеліп алынған салыстыру үлгісі CoAl* каталитикалық сынақ кезінде спирттердің шығымы 72 пайыздан аспаған.



Сурет 2 - Катализатор үлгілерінің 240°C температурада, өнімдер бойынша талғамдылығы (S,%)

Катализаторлардың тұрақтылығы және талғамдылығы жайлы ақпаратты, катализатор үлгілерін тұрақты температурада ұзақ мерзімді сынау тәжірибелерінің зерттеулері негізінде алуға болады. Берілген 3- суретте стандартты реакциялық қоспада ($\text{CO}:\text{H}_2:\text{N}_2 = 3:6:1$), 240 °C температурада 10 сағат бойы үлгілерде синтез газ айналымы және реакция өнімдерінің талғамдылығының тұрақтылық зерттеулерінің нәтижелері көрсетілген.

Зерттеу нәтижелері катализатор үлгілерінің спирттерге талғамдылығының 10 сағат бойы жоғалтпайтынын көрсетті (3-сурет).



Сурет 3— Синтез-газдан спирттерді алу реакциясында LCO-1, LCO-2, LCO/KIT-6 катализаторлары қатысында өнім талғамдылығының тұрақтылығы (240 °C, атм. қысым 2МПа, $\text{CO}:\text{H}_2 = 1:2$.)

Қорытынды. Зерттеулер көрсеткендей мезокеуекті кремний оксидті қатты темплатты енгізу, катализатор бетінің ауданын жоғарылатып қана қоймай, оның белсенділігін арттырады. Спирттерге ең жоғарғы талғамдылық LCO-1 жұмсақ темплат этиленгликольдің қатысында алынған катализатор үлгісінде көрінеді. Барлық үлгілер синтез-газдан спирттерді алу реакциясында 10 сағат бойы өнім талғамдылығының тұрақтылығын көрсетті.

Әдебиеттер

- Albuquerque J.S., Costa F.O., Barbosa B.V. (2019) Fischer–Tropsch synthesis: analysis of products by Anderson–Schulz–Flory distribution using promoted cobalt catalyst. *Catalysis letters*. –149. — P. 831-839.
- Jetpisbayeva G.D. Dokuchits E.V., Tafilevich A.N., Minyukova T.P., Massalimova B.K. (2020) LaCoO₃ perovskite-type catalysts in syngas conversion. *Open Chemistry*. 18(1). — P. 482-487.
- Джетписбаева Г.Д., Масалимова Б.К., Садыков В.А. (2024) Трансмиссиялық электронды микроскопияның көмегімен перовскит тәрізді күрделі оксидтерді зерттеу. Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының жаңалықтары. Химия және технология сериясы. 2(459). — Б. 62–69. <https://doi.org/10.32014/2024.2518-1491.222>
- Mazurova K. Miyassarova A., Eliseev O., Stytsenko V., Glotov A., Stavitskaya A. (2023) Fischer–Tropsch synthesis catalysts for selective production of diesel fraction. *Catalysts*. 13(8):1215. <https://doi.org/10.3390/catal13081215>
- Nair M.M., Kleitz F., Kaliaguine S. (2012) Kinetics of methanol oxidation over mesoporous perovskite catalysts. *ChemCatChem* 4(3):387-394. <https://doi.org/10.1002/cctc.201100356>
- Martinelli M., Gnanamani M.K., LeViness S., Jacobs G. Shafer W.D. (2020) An overview of Fischer–Tropsch Synthesis: XTL processes, catalysts and reactors. *Applied Catalysis A: General*. 608:117740. <https://doi.org/10.1016/j.apcata.2020.117740>
- Семенова А.В., Полякова М.С., Пятиконова В.В. (2022) Параметры активной поверхности катализаторов под влиянием промотирующих добавок. Научная статья года. — С.8-10.
- Suo Y., Yao Y., Zhang Y., Xing S., Yuan Z.Y. (2022) Recent advances in cobalt-based Fischer–Tropsch synthesis catalysts. *Journal of Industrial and Engineering Chemistry*. 115. — P. 92-119. <https://doi.org/10.1016/j.jiec.2022.08.026>
- Pan X., Jiao F., Miao D., Bao X. (2021) Oxide–zeolite-based composite catalyst concept that enables syngas chemistry beyond Fischer–Tropsch synthesis. *Chemical Reviews*. 121(11):6588-6609. <https://doi.org/10.1021/acs.chemrev.0c01012>
- Qingpeng Cheng, Ye Tian, Shuaishuai Lyu, Na Zhao, Kui Ma, Tong Ding, Zheng Jiang, Lihua Wang, Jing Zhang, Lirong Zheng, Fei Gao, Lin Dong, Noritatsu Tsubaki, Xingang Li. (2018) Confined small-sized cobalt catalysts stimulate carbon-chain growth reversely by modifying ASF law of Fischer–Tropsch synthesis. *Nature communications*. 9
- ten Have I.C., Weckhuysen B.M. (2021) The active phase in cobalt-based Fischer–Tropsch synthesis. *Chem Catalysis*. 1(2):339-363.
- Wolf M., Fischer N., Claeys M. (2021) Formation of metal-support compounds in cobalt-based Fischer–Tropsch synthesis: A review. *Chem Catalysis*. 1(5):1014-1041.
- Яковенко Р.Е., Бакун В.Г., Сулима С.И., Нарочный Г.Б., Митченко С.А., Зубков И.Н., Савостьянов А.П. (2022) Нанесенные и полифункциональные гибридные кобальтовые катализаторы для селективного синтеза Фишера – Тропша (обзор). Катализ в промышленности, 22(3):5-20. <https://doi.org/10.18412/1816-0387-2022-3-5-20>
- Yanping Chen, Jiatong Wei, Melis S. Duyar, Vitaly V. Ordonsky, Andrei Y. Khodakov and Jian Liu (2021) Carbon-based catalysts for Fischer–Tropsch synthesis. *Royal society of chemistry*, **50**:2337-2366 <https://doi.org/10.1039/D0CS00905A>.
- Kazuhiro K, Toshiaki I, Hiroshi M. (2024) Production of Hydrocarbons in Fischer–Tropsch Synthesis (FTS) with Cobalt-based Catalyst (II): Effect of Promotor, Different Preparation Method of Catalyst, and FTS Temperature on Primary Kerosene Yield and Carbon Mass Balance. *Journal of the Japan Institute of Energy*, 103(7). — P.54-62 <https://doi.org/10.3775/jie.103.54>.

References

- Albuquerque J.S., Costa F.O., Barbosa B.V. (2019) Fischer–Tropsch synthesis: analysis of products by Anderson–Schulz–Flory distribution using promoted cobalt catalyst. *Catalysis letters*. –149. — P. 831–839. (in Eng.).
- Jetpisbayeva G.D., Dokuchits E.V., Tafilevich A.N., Minyukova T.P., Massalimova B.K. (2020). LaCoO₃ perovskite-type catalysts in syngas conversion. *Open Chemistry*. 18(1). — P. 482–487. (in Eng.).
- Jetpisbayeva G.D., Massalimova B.K., Sadykov V.A., (2024). Transmissiyalyk elektrondy mikroskopiyanyn komegimen perovskit tarizdi kyrdeli oksidterdi zertteu [Studying complex oxides of the perovskite type by the method of flashed electron microscopy]. *News of the national academy of sciences of the republic of Kazakhstan. Series chemistry and technology*. 2(459). — P.62–69. <https://doi.org/10.32014/2024.2518-1491.222> (in Kaz)
- Mazurova K., Miyassarova A., Eliseev O., Stytsenko V., Glotov A., Stavitskaya A. (2023). Fischer–Tropsch synthesis catalysts for selective production of diesel fraction. *Catalysts*. 13(8):1215. <https://doi.org/10.3390/catal13081215> (in Eng.).
- Nair M.M., Kleitz F., Kaliaguine S. (2012) Kinetics of methanol oxidation over mesoporous perovskite catalysts. *ChemCatChem* 4(3):387–394. <https://doi.org/10.1002/cctc.201100356> (in Eng.).
- Martinelli M., Gnanamani M.K., LeViness S., Jacobs G., Shafer W.D. (2020) An overview of Fischer–Tropsch Synthesis: XTL processes, catalysts and reactors. *Applied Catalysis A: General*. 608:117740. <https://doi.org/10.1016/j.apcata.2020.117740> (in Eng.).
- Semenova A.V., Polyakova M.S., Pyatikonova V.V. (2022) Transmissiyalyk elektrondy mikroskopiyanyn komegimen perovskit tarizdi kyrdeli oksidterdi zertteu [Parameters of the active surface of catalysts under the influence of promoting additives]. *Scientific article of the year*. — P. 8–10. (In Russ.)
- Suo Y., Yao Y., Zhang Y., Xing S., Yuan Z.Y., (2022) Recent advances in cobalt-based Fischer–Tropsch synthesis catalysts. *Journal of Industrial and Engineering Chemistry*. 115. — P. 92–119. <https://doi.org/10.1016/j.jiec.2022.08.026> (in Eng.).
- Pan X., Jiao F., Miao D., Bao X. (2021). Oxide–zeolite-based composite catalyst concept that enables syngas chemistry beyond Fischer–Tropsch synthesis. *Chemical Reviews*. 121(11):6588–6609. <https://doi.org/10.1021/acs.chemrev.0c01012> (in Eng.).
- Qingpeng Cheng, Ye Tian, Shuaishuai Lyu, Na Zhao, Kui Ma, Tong Ding, Zheng Jiang, Lihua Wang, Jing Zhang, Lirong Zheng, Fei Gao, Lin Dong, Noritatsu Tsubaki, Xingang Li. (2018) Confined small-sized cobalt catalysts stimulate carbon-chain growth reversely by modifying ASF law of Fischer–Tropsch synthesis. *Nature communications*. 9 (in Eng.).
- ten Have I.C., Weckhuysen B.M. (2021). The active phase in cobalt-based Fischer–Tropsch synthesis. *Chem Catalysis*. 1(2). — P. 339–363. (in Eng.).
- Wolf M., Fischer N., Claeys M. (2021) Formation of metal-support compounds in cobalt-based Fischer–Tropsch synthesis: A review. *Chem Catalysis*. 1(5):1014–1041. (in Eng.).
- Yakovenko R.E., Bakun V.G., Sulima S.I., Narochnyi G.B., Mitchenko S.A., Zubkov I.N., Savost'yanov A.P. (2022) Nanesennye i polifunkcional'nye gibridnye kobal'tovye katalizatory dlya selektivnogo sinteza Fishera – Tropsha [Supported and polyfunctional hybrid cobalt catalysts for selective Fischer – Tropsch synthesis] (A review). *Kataliz v promyshlennosti*, 22(3):5–20. <https://doi.org/10.18412/1816-0387-2022-3-5-20> (In Russ.)
- Yanping Chen, Jiatong Wei, Melis S. Duyar, Vitaly V. Ordonsky, Andrei Y. Khodakov and Jian Liu (2021) Carbon-based catalysts for Fischer–Tropsch synthesis. *Royal society of chemistry*, 50:2337–2366 <https://doi.org/10.1039/D0CS00905A>. (in Eng.).
- Kazuhiro K., Toshiki I., Hiroshi M. (2024) Production of Hydrocarbons in Fischer–Tropsch Synthesis (FTS) with Cobalt-based Catalyst (II): Effect of Promotor, Different Preparation Method of Catalyst, and FTS Temperature on Primary Kerosene Yield and Carbon Mass Balance. *Journal of the Japan Institute of Energy*, 103(7). — P.54–62 <https://doi.org/10.3775/jie.103.54>. (in Eng.).

Publication Ethics and Publication Malpractice in the journals of the Central Asian Academic Research Center LLP

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see <http://www.elsevier.com/publishingethics> and <http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics>.

Submission of an article to the journals of the Central Asian Academic Research Center LLP implies that the described work has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see <http://www.elsevier.com/postingpolicy>), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The Central Asian Academic Research Center LLP follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct (http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf). To verify originality, your article may be checked by the Cross Check originality detection service <http://www.elsevier.com/editors/plagdetect>.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will only accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the Central Asian Academic Research Center LLP.

The Editorial Board of the Central Asian Academic Research Center LLP will monitor and safeguard publishing ethics.

Правила оформления статьи для публикации в журнале смотреть на сайтах:

www.nauka-nanrk.kz

<http://chemistry-technology.kz/index.php/en/arhiv>

ISSN 2518-1491 (Online), ISSN 2224-5286 (Print)

Ответственный редактор *А. Ботанқызы*

Редакторы: *Д.С. Аленов, Т. Апендиев*

Верстка на компьютере *Г.Д. Жадырановой*

Подписано в печать 29.09.2025.

Формат 60x88¹/₈. 18,0 п.л.

Заказ 3.

«Central Asian Academic Research Center» LLP

Алматы, Қонаев к-сі, 142